

Көшелерге атау беру туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе селосы әкімінің 2016 жылғы 12 шілдедегі № 561 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 тамызда № 3125 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыптың орыс тіліндегі нұсқасына өзгеріс енгізілді – Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 06.11.2017 № 488 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шетпе ауылы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып және 2016 жылғы 6 мамырдағы Маңғыстау облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Шетпе ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 06.11.2017 № 488 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шетпе ауылының атаусыз көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Базарлы шағын ауданының:

бірінші көшесі – Шоқай Амандықов атындағы көше;

екінші көшесі – Қызылғұл Есенаманов атындағы көше;

2) Жаңа орпа шағын ауданының:

бірінші көшесі – Бижан Дүйсенбаев атындағы көше;

екінші көшесі – Әбдірахман Шалабаев атындағы көше;

үшінші көшесі – Ықылас Нұрғалиев атындағы көше;

төртінші көшесі – Орынбай Боранбайұлы атындағы көше;

бесінші көшесі – Мұзай Нұрпанұлы атындағы көше;

алтыншы көшесі – Нығымет Ізімбергенов атындағы көше;

3) Ащыбұлақ шағын ауданының:

бірінші көшесі – Есмырза Бисенов атындағы көше;

екінші көшесі – Төлебай Морханов атындағы көше;

үшінші көшесі – Ізден Байдуллаев атындағы көше

төртінші көшесі – Жұмахалық Ерханаев атындағы көше;

бесінші көшесі – Кенжеғұл Исабергенов атындағы көше;

алтыншы көшесі – Азанқұл Байпақов атындағы көше;
жетінші көшесі - Қосбай Елбаев атындағы көше;
сегізінші көшесі – Рахмет Қосмағанбетов атындағы көше;
тоғызыншы көшесі – Алтынғали Жұмабаев атындағы көше;

4) Шетпе - 1 шағын ауданының:

бірінші көшесі – Шаңытбай Махамбетов атындағы көше;
екінші көшесі – Жауынбай Дүйсенбаев атындағы көше;
үшінші көшесі – Наку Бақтыбаев атындағы көше;
төртінші көшесі - Қаршыға Сүйірбайұлы атындағы көше;
бесінші көшесі – Әнес Жұбаев атындағы көше;
алтыншы көшесі – Ізтұрған Тұржанов атындағы көше;
жетінші көшесі – Кеңес Жұмыров атындағы көше;

5) Орталық шағын ауданының:

бірінші көшесі – Арон Өтеуов атындағы көше;
екінші көшесі – Қойшығұл Жамансарин атындағы көше;
үшінші көшесі – Қылышбай Құрақов атындағы көше;
төртінші көшесі – Бекмырза Жұмалиев атындағы көше;
бесінші көшесі – Мұхаш Қадіров атындағы көше;
алтыншы көшесі – Жаңбыр Бітімов атындағы көше;

6) Мақаш шағын ауданының:

бірінші көшесі - Бисен Жаңбырбаев атындағы көше;
екінші көшесі – Мүтәллап Досжанов атындағы көше;
үшінші көшесі – Айтжан Қойшыбаев атындағы көше;
төртінші көшесі – Жаңабай Бөкембаев атындағы көше;

7) Қарашоқы шағын ауданының:

бірінші көшесі – Қылыш Балтабаев атындағы көше;
екінші көшесі – Егізтай Дауылбаев атындағы көше;
үшінші көшесі – Бегейбай Ахметов атындағы көше
төртінші көшесі – Сансызбай Нұрбатыров атындағы көше.

Ескерту. 1 - тармаққа өзгерістер енгізілді Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 06.11.2017 № 488 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Шетпе ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 06.11.2017 № 488 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл әкімінің орынбасары Е.Қазанбаевқа жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы Шетпе ауылы әкімінің 06.11.2017 № 488 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Село әкімі

М.Мүтәллапов